

ӘОЖ 26-784 (575.2)

А.Ш. Адилбаев

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: adilalau72@mail.ru

Қырғыз еліндегі миссионерлік іс-әрекеттер және прозелитизм мәселесі

1990 жылдардан бастап Орталық Азиядағы түркі тілдес республикалары егемендігін алып, жаңа кезеңге аяқ басты. Қоғамның демократияға бет алуының нәтижесінде адамдарға діни сенім және ар-ождан бостандығы құқы берілді. Мемлекеттің еркін ойлау, дін және діни сенімін білдіру құқықтарын қамтамасыз етуі қоғамның көпконфессиялануына серпін берді. Плюрализм мен демократиялық принциптерді желеу етіп бұрындары Қырғызстан тарихында орын алмаған жаңа діндер мен діни ағымдар, топтар мен миссионерлер ағылып келе бастады. Әсіресе протестанттық бағыттағы христиандардың қызметтері күшейді. Миссионерлердің басым көпшілігін АҚШ, Оңтүстік Корея және Германия елдерінен келген азаматтар құрайды. Бұрын ұлттық тұрғыдан мұсылман немесе православ ретінде саналған адамдардың көпшілігі күн санап солардың қатарына өте бастады. Прозелитизм мәселесі қоғамда діни негізде жанжалдардың орын алуына әкеліп соқтырды.

Бұл мақалада көршілес қырғыз елінде қарқынды түрде жүргізіліп миссионерліктің таралу себептері мен қолданған тәсілдері жан-жақты қарастырылып, оның қоғам бірлігі мен тұрақтылығына зияндылығы мен болашақтағы қатерлері жайлы сөз қозғалады.

Түйін сөздер: миссионерлік, протестанттық ұйым, ар-ождан бостандығы мен діни сенім, прозелитизм.

A. Adilbayev

Missionary work in the Kyrgyzstan and the problem of proselytism

This article maps out the activities of those religious organizations which take on the missionary character, special attention being given to the Protestant ones. Under different headings are explained the reasons for the growth of such missionary movements and the employed techniques. Is tackled in the article the problem of proselytism, which as a result of multi-dimensional religious expansion and the intense activity of missionary movements has come to be seen as a threat to the unity and spiritual unity in such a country as Kirgizstan – a country which in terms of religious tolerance and interfaith friendship of its peoples has been considering itself a role model for the neighbouring countries (and to which some experts have referred as not less than the “Switzerland of Asia” and “Island of democracy “ in Central Asia). In this country, proselytism possesses potential to cause serious religious conflicts.

The key words: missionary organizations, enculturation, proselytism, freedom of conscience and religion.

А. Адильбаев

Миссионерство в Кыргызстане и проблема прозелитизма

В данной статье рассматривается деятельность религиозных организаций в Республики Кыргызстан, носящих миссионерский характер; особенное внимание уделяется протестантским организациям. Разъясняются причины роста численности миссионерских движений и используемые ими методики. Рассматривается проблема многоплановой религиозной экспансии и интенсивной деятельности западных миссионерских движений, представляющих угрозу единству и духовной сплоченности в Республики Кыргызстан, что может стать причиной межконфессиональных конфликтов и причиной разрушения духовного единства страны.

Ключевые слова: миссионерство, протестантские организации, инкультурация, прозелитизм, свобода совести и вероисповедания.

1990 жылдардан бастап Оталық Азиядағы түркі тілдес республикалары егемендігін алып, жаңа кезеңге аяқ басты. Қоғамның демократияға бет алуының нәтижесінде адамадарға діни сенім және ар-ождан бостандығы құқы берілді. Діни төзімділік және дінаралық татулық мәселесінде өздерін үлгі тұтарлық ел санаған, тіпті кейбір мамандар «Азияның Швецариясы» және Орталық азиядағы «демократия аралы» деп те атаған [1] Қырғызыстанда еркіндікті өз үделері жолында тиімді пайдалана білген христиан миссионерлері бұрынғы Кеңес Одағы құрамында болған түркі республикаларына, соның ішінде қырғыз еліне де ағылып келе бастады.

Қырғызыстанда 90 жылдардың басында қырғыз елінде ресми түрде 2-ақ конфессия болса (ислам мен православиялық христиандық), 1996 жылғы мәліметтер бойынша миссионерлік қызметтерін жүргізетін ірілі-ұсақты ұйымдардың саны екі жүзден асқан. Ал, 2001-2002 жылдары олардың саны 1212-ге жеткен. Олардың 839-ы христиан дінінің түрлі бағыттарына тән. Бұл бағыттардың 1996 жылдан бастап артуына әсер еткен негізгі жәйт, сол жылы 14 қарашада діни ұйымдарды міндетті тіркеуден өткізу қажеттігіне қатысты шешімнің қабылдануы болып табылады. Осы жаңа заң талабы бойынша «Қандай топ немесе ұйым болсын 18 жасқа толған Қырғызыстан азаматтарынан 10 кісі бірігіп діни ұйым құрған жағдайда, мемлекет оны тіркеуге алуға тиіс. Мемлекеттік тіркеуден өткеннен соң діни ұйым іс-әрекеттерін жүргізу құқын иеленеді». Мемлекет тарапынан жасалған осындай жеңілдікті ұтымды пайдаланған діни топтар бар болғаны он кісінің басын қосу арқылы өз іс-әрекеттерін заңдастырып алды. Осы діни ұйымдардың дені Америка, Германия, Англия, Франция және Корея секілді елдерден келген миссионерлік топтар болып табылады [2].

Осы орайда Орыс православ шіркеуі (ОПШ) де бұл аймақтарда шіркеулерін ашып, миссионерлерін жолдап жатты. Олар бірінші кезекте іс-шараларын жергілікті орыс немесе бұрындары православ бағытын қабылдаған христиандарға бағыттады. Олардың жергілікті мұсылман халықтарына ықпалдары жоқ деуге де болады. Бірақ бұл аймақта христиандықтың протестант бағытындағы діни ұйымдар ерекше белсенділігімен көзге түсуде.

Қазіргі таңда католик миссионерлер көбіне неміс католик шіркеуі тарапынан, протестанттар да германиялық протестант шіркеулері тарапынан, баптистер мен өзге де протестант топтар Америкадағы шіркеулер тарапынан жіберілуде. Орталық Азияға хрстиандықты жаюға ең көп ықпал етіп жатқан орталықтардың бірі – Германия. Оның да негізгі себебі Орталық Азия елдерінде өмір сүретін немістердің көп болуы. Мысалы бір ғана Қырғыз елінде 1989 жылғы санақ бойынша немістердің саны 100 мың, 2001 жылдары шамамен 50 мың, ал 2009 жылы 9,5 мың қалған екен [3]. Қырғызыстандағы неміс христиандары Кеңес одағы әлі ыдырамаған 1988-1990 жылдар арасында Германияға жіберіліп, сол жердегі протестант мектептерінде білім алып, сол білімдерін жаю үшін елге қайта оралған. Бұл миссионерлердің алдын-ала дайын отырғанын көрсетеді.

Кейбір батыс елдерінің өзінде іс-әрекеттері кең тарамаған бұл христиандық миссионерлік ұйымдардың Қырғызыстанда ықпалды болуының себебі неде? Ендігі кезекте сол себептерге тоқалайық.

1. Мәдени және экономикалық-әлеуметтік саладағы дағдарыс

Әрине мұның ең әуелгісі – діни сенімдерінен жетпіс жыл бойы ажырап қалу нәтижесінде қылптасқан діни сауатсыздық. Осы жағдай кез келген діни ағымның іс-шараларына қарсы шарасыз қалдырып, дін саласындағы бос кеңістікті жақсы ұғынған шетелдік миссионерлерге оңтайлы орта дайын тұрды. Өз діндерінің негіздерін жақсы білмейтін қара халық миссионерлердің оңай олжасына айналды.

Егемендігін алған Орталық Азия елдерінің ішінде Қырғызыстан тұрмыстық деңгейдің төмендігі жағынан Тәжікістаннан кейінгі екінші орында. Табиғи байлықтардың аздығы, бар болғандардың өзінің дұрыс қолданылмауы, Кеңес одағының құлауынан кейін тоқтап қалған завод пен фабрикалар т.б. себептер елде экономикалық тоқырауға жол ашты. Рухани әрі материалдық тұрғыдан қорғансыз қалған ел сыртқы күштердің ықпалына оңай түсті. Жергілікті тұрғындар арасынан шыққан Иисус христос шіркеуінің миссионері, В. Кузин Қырғызыстандағы жетістіктерінің себебінің әуелі шіркеудің уағыз-насихаты мен жақсы ұйымдасқан әрекет нәтижесі болумен қатар

елдегі экономикалық қиындықтардың бой көрсетуінде екенін ашық айтқан. Шын мәнінде қырғыз еліндегі қиын экономикалық жағдай бір миллионға жуық адамның шет елдерге жұмысқа кетуіне әкеліп соқты. Экономикалық қиындық көбіне жұмыс күші саналған жастарға қатты әсер етуде. Осындай қиындықты таптырмас мүмкіндік ретінде пайдаланған миссионерлер университет студенттеріне тіл, компьютер үйрету курстарын ашуда. Жақсы көзге түскен жастарды Америка және Англияға оқуға жолдауда әрі болашақта жұмысқа орналасуға кепілдіктер беру арқылы қызықтырып, қатарларына қосуға тырысуда. Университет студенттері мен қатар әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған отбасылар, жетімдер мен жесірлер, сонымен қатар жұмыссыздар да олардың негізгі нысанына айналған. Жұмыссыз адамдарға өз қатарларына адам тартып, кітапшалар таратып, жиындарына шақырғандары үшін белгілі бір мөлшерде ақша төлейтіндіктері де көпшілікке мәлім [4].

Осы салада әсіресе баптист неміс миссионерлері көш бастауда. Олар Қырғызстанда әлеуметтік және экономикалық салаларға көп қаржы жұмсау арқылы елді өздеріне тартуға тырысады. Олар көбіне тұрмысы нашар отбасылар, жесір әйелдер мен жетім балаларды таңдайды. Миссионерлер аңқау елді «Бұл көмекті біз емес, сендерге Құдайымыз Иса жіберді» деп алдап, өз сенімдерін тықпалауда. Олар жастарға бағытталған іс-шараларды да жиі өткізеді. Қырғызистанның әр аймағынан келген мектеп оқушыларын демалыс лагерьлеріне жіберу мақсатында 1997 жылы 70 000 неміс маркасын, әрі әр түрлі аймақтарда ашқан «Інжіл мектептеріне» 500 000 мың неміс маркасын жұмсағандықтарына қатысты мәліметтер ақпарат беттерінде жарияланған [5].

2. Халықаралық ұйымдардың ролі

Батыс мемлекеттері, АҚШ пен кейбір халықаралық ұйымдар суық соғыс кезеңінен кейінгі Ресейдің осы аймақтағы ықпалын азайтып, өз ықпалдарын арттыру мақсатында жетпіс жылдық дінсіздік құрсауынан шығып, руханиятқа шөліркеген елдегі діни бос кеңстікті толтыру үшін миссионер топтарға осы жерлерде іс-шараларын жүргізулері үшін ресми немесе бейресми жолдармен қолдау көрсетуде.

Халықаралық деңгейде жұмыс істейтін ұйымдардың миссионерлердің іс-шараларымен немесе миссионерлік ұйымдардың саяси

ықпалды тұлғалармен тығыз қарым-қатынаста, ортақтаса әрекет ететіндігі тарихи тәжірибелермен расталған. Қазіргі таңдағы миссионерлердің ең үлкен қолдаушысы әлемнің және протестанттардың ең күшті мемлекеті – АҚШ. АҚШ президенті Джорж Буш 1992 жылдың 3 наурызында христиан діни топтары құрған Халықаралық Евангелистер ассоциациясында жасаған сайлау алды баяндамасында шіркеу діни құндылықтары мен христиандықты күйреген Кеңес Одағы, дамушы елдер мен ислам мемлекеттеріне тарату үшін миссионерлерді міндеттерін атқаруға шақырып, бұл мәселеде кез келген көмекті аямайтындығын айтқан [6].

Қазіргі таңда халықаралық ұйымдардың ішінде бүкіл әлем бойынша миссионерлік әрекеттеріне бағыт беретін ұйым – «Дүниежүзілік шіркеулер кеңесі». Көптеген бөлімдері бар бұл ұйым БҰҰ-да мемлекеттік емес құқықтық статусы бар жалғыз ұйым болып табылады. Қазіргі таңда миссионерлікпен айналысатын қоғамдардың 53 халықаралық ұйымдарымен ресми түрде ортақ жұмыс жасап, оларға кеңес береді.

Осы ұйымдар миссионерлерге кез келген салада жәрдем беруде. АҚШ конгресі мүшелері мен консулдың белгілі уақыттарда дін істері комиссиясы мен Қырғызистан Парламентіне ат басын тіреп, елдегі дін еркіндігіне қатысты мәселелерді талқылап, дін саласына қатысты кейбір шектеулерді алып тастауды талап етеді. Мысалы, 1999 жылы Кызылқаядағы баптистер мен Иисус Христос шіркеуін тіркеуге қатысты кешіктірулер осылайша шешімін тапқан екен. Түрік зерттеушісі С. Пайдың атап өткеніндей Түркия республикасының мемлекетаралық деңгейде, мемлекеттік жоғары лауазымды тұлғалардың қол қоюымен ашылған Түркменістандағы Махдумкулы университеті мен Қырғызистандағы Ош университетінің теология факультеттеріне қатысты туындаған мәселелер миссионер ұйымдарыныңкіндей тез шешілмеуде.

Халықаралық ұйымдар миссионерлерге тек қана дипломатиялық емес қаржылай да үлкен қолдау көрсетуде. Өзге де ескі Кеңестер құрамында болған мемлекеттердегі секілді Қырғызистанда да Сорос қоры мен христиандық ұйым болып табылатын Central Asia Free Exchange секілді көптеген ірі халықаралық ұйымдар елде демократияны дамыту және ба-

тыс мәдениетіне еліктегіш бір элита тобын құру мақсатында, әсіресе жастарға бағытталған түрлі шараларды қолға алуда. Осы бағытта Батыс мемлекеттерінің құйған қаражаттары миллиондаған долларға жетеді. Бұл мысалдар экономикалық тұрғыдан қиындық тартып отырған қырғыз халқының қайырымдылық шаралары арқылы қалайша қыспаққа алынғанын нақты көрсетуде [7].

3. Халықаралық конъюктураның әсері

Америкалық стратег-идеологтардың жетекшілерінің бірі Бзежинсий айтқандай «Үлкен шахмат тақтасында» белгілі бір орны бар, әлемдегі шектеулі энергия көздеріне бай Орталық Азиядағы түркі республикалары егемендікке қол жеткізіп, Ресей империализмінен құтылған соң Америка (Орталығы Германия саналған Европа) империализмі күтіп тұрды. Суық соғыс аяқталып коммунистік режим құлағаннан кейін әлемде халықаралық шарттар мен жахандық қауіпсіздік мәселесінде түбегейлі өзгерістер орын алды. Кеңес одағы құлаған соң жаңа мемлекеттер пайда болып, өзгеше жағдай қалыптасты. Әлемдік деңгейде Америка жалғыз басқарушы күшке айналды. Ресей, Қытай мен ислам мемлекеттерінің ортасында орын алған Қырғызистанның стратегиялық және геополитикалық жағдайы да маңызды рөл ойнады. Өйткені Қырғызистандағы Ферғана аңғары Ислам діні келместен бұрын және одан кейін де халықаралық діни, экономикалық, мәдени және саяси күрестердің орталығы болған. Совет экспансиясына қарсы ең алғашқы үлкен ұлт азаттық күрестер мен қозғалыстар осы аймақтан бастау алған. Қазіргі таңда діни әсіресе ислами жанданудың да дамып келе жатқан жері де осы аймақ. Қысқаша айтқанда, Ферғананың діни, саяси жағдайы Орталық Азияның болашағының айқындалуында маңызды орынға ие. Сонымен қатар Қытайға ашылатын ең маңызды сауда орталықтарының да бірі ретінде саналуда. Сондықтан қазіргі таңда да саяси, экономикалық және діни бәсекелестік жағдайындағы аймақтық және халықаралық күштер, ұйымдар мен мемлекеттер мұнай, газ, мақта өндірісі және т.б. табиғи байлықтарымен өзіне назар аударған Орталық Азияның орталығы саналған осы Ферғана аңғарын жақыннан бақылап, болашаққа байланысты стратегиялар жасауда. Діни, экономикалық және саяси жахандану бағдарламасының бір бөлігі ретінде қолға алынуы

қажет маңызды база саналуда. Міне сондықтан да дін, саясат және капиталистік қаражат барлығы бірлесе отырып әрекет етуде [8]. Осы мақсатта батыстық империалистердің ең күшті қаруы осы миссионерлік ұйымдар еді. АҚШ пен ЕО алдымен осы елдерге миссионерлерді жіберген. Негізінен өз елінде ықпалы жоқ миссионерлер Орталық Азияға ағылып келіп, өздеріне жаңа отар іздеді. Әсіресе 2001 жылғы 11 қыркүйекте әлемді дүр сілкендірген оқиғадан кейін, Америка терроризмді сылтау етіп Орталық Азия мемлекеттеріне әскери базасын орнықтырып алды. Осы оқиғадан кейін мұсылмандарға қысым жасалып жатқан кезде, христиан миссионерлері емін-еркін әрекет еткен [9].

Германия, Франция, Англия және АҚШ Орта Азия елдеріндегі мәдениет орталықтары, баспасөз және мәдениет аташелері мен елшіліктер арқасында миссионерлік әрекеттерін жүргізуде. Басқаша айтқанда АҚШ алдыңғы орында тұрған осы мемлекеттер өз істерін «мемлекет-қор-шіркеу» үшбұрышы шеңберінде жасауда. Әсіресе 1992 жылдың басынан қазірге дейін жүргізіліп келе жатқан бұл шаралар «басаяғын жинау және орнығу кезеңі» саналған 1995 жылынан бастап қарқын ала бастаған. Осы мақсатта шет елдерден аймаққа жолданған діни әдебиеттердің санын нақты айту мүмкін емес. 1991 жылы қыркүйек айына дейін жіберілген діни әдебиеттердің санының 2 миллионнан асып жығылғандығы Германияның «Азия мәдениеті мен археологиясы» институты тарапынан баяндалған [10].

А. Демократия, плюрализм, диалог және толеранттылық

Демократия, плюрализм, диалог және толеранттылық секілді құндылықтар – батыс қоғамының миссионерлік әрекеттердің жайылуы жолында қолданған ең күшті құралдардың бірі. Демократиялық қоғамның қажеттілігі ретінде олар бірінші кезекте дін еркіндігін алға тартып, кез келген адам өзі қалаған дінге сену құқына ие дей отырып, өзге діндердің әсіресе христиандықтың таралуына ықпал етуде. Халықаралық ұйымдар ұдайы мұны бақылап, секталарғы мемлекет тарапынан қысым көрсетілген кезде бірден ол істерге араласуда. АГИК пен Германиялық Эберт қоры және т.б. халықаралық ұйымдар Қырғызистанда демократияның дамуын жақсарту жолында түрлі ақыл кеңестерін береді. Мәселен АГИК тің

Қырғызыстандағы өкілі Жереми Ганн қырғыз басшылығына шет елдерден келген миссионерлер жұмыстарын еркін түрде жүргізе алулары үшін барлық шарттардың жасалуы қажет екенін айтқан. Сонымен қатар Эберт қоры да Орта Азиялық дін басшыларымен жасаған бір жиында Батыстан келген миссионерлердің істеріне кедергі жасамау қажеттігін айтып, ескерту жасаған екен [11].

АҚШ және өзге де мемлекеттер мұсылман халықтарының онсыз да қанында бар толеранттылық сезімін өз мақсаттарына жету жолында шебер қолдануда. 2004-2007 жылдар аралығында көптеген жиындар, кездесулер, дөңгелек үстелдер, халықаралық конференциялар мен ірі жобалар жүзеге асырған. Әсіресе діндар саналған Оңтүстік аймақтарда көптеген шаралар өткізіп, өте үлкен қаражат жұмсаған. Осы жерден де байқағанымыздай халықаралық ұйымдар демократия, плюрализм, діндерарасы диалог, толеранттылық секілді терминдерді қырғыз елінің тыныштығын қамтамсыз етуден бұрын миссионерліктің жолын ашатын негізгі құралдар ретінде қолдануда.

Католик шіркеуі 1965 жылдан кейін ортаға салып дамытқан діндерарасы диалог шараларын жалғастыруда. Негізінен папалық жахандану кезеңінің әрі христиандықтың тарихта орын алған «қасиетті соғыстары» нәтижесінде мұсылман әлімінде туындаған жағымсыз бейнесін жою һәм жағымды, сүйкімді болып көріну үшін жаңаша бір постмодернистік миссионерлікті дамытуда. Сонымен қатар өзге христиан ұйымдарымен ортақтаса жұмыс жасаудың стратегияларын белгілейді. Папалық соңғы кезеңдерде Иозеф Кард Ратцингер дайындап, папалық тарапынан мойындалып, интернет сайттарында жарияланған ресми бір ақпарат көзінде «Адамзаттың бақытқа жетуі тек қана Исаға сеніп, шіркеуге байлану арқылы жүзеге асатындығын» сондықтан да диалогтың бұдан бастарту дегенге келмейтінін, миссионерліктің жалғаса беретіндігін ұмытпау қажеттігін айтуынан Рим папасының диалогтан нені меңзегендігіне көз жеткізуге болады. II Ватикан соборында Папа өзге діндерді құрметтеп, адамдар арасындағы достық пен бейбітшілікті орнатуға тырысатындығын айта келе «Бірақ, шыншылдық бізді ақиқатты айтуға мәжбүрлейді. Жылғыз ақиқат дін бар ол – христиандық» деп әлемде

жалғыз христиандықтың үстемдігін орнатқысы келетіндігін ашық айтқан. Осы жиында мәселе ұзақ талқыланып, нәтижеде «Шіркеу миссионер жолдауын жалғастыра береді. Әлемнің барлығы тегіс христиан болғанға дейін бұл міндет тоқтамайды» деп қорытынды жасалған. Католик шіркеуінің папасы II Иоанн Павел қазіргі таңдағы миссионерліктің бағытын: «Бірінші мыңжылдықта Европаны христиандандырдық. Екінші мыңжылдықта Америка мен Африканы христиандандырдық. Ал үшінші мыңжылдықта Азияны христиандандыруымыз қажет» [12] деп белгілеп берген еді. Миссионерлік жайлы сөз қозғағанда осы мәселені ешқашан қаперден шығармаған жөн.

Б. «Ислам радикализмі» үрейі

Америкада орын алған 11 қыркүйек оқиғасынан кейін АҚШ-тың Орталық Азия елдеріне қатысты саясаты түбегейлі түрде өзгерді. Осы оқиғаны желеу еткен АҚШ Ауғаныстанға жасайтын әскери операцияларына «әлемдік бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуші» бейнесін беріп, Орталық Азия елдеріне әскери базаларын орналастырды. Орта Азия елдеріне орныққан АҚШ бірінші дұшпан ретінде «ислам фундаментализмін» алға тартты. Батыс мұсылман елдерін тікелей шабуыл нысанына ретінде көрсете алмағандықтан қызыл коммунизм үрейінен соң жаңа қолдан жасалған «ислам фундаментализмі» фобиясын халық санасына сіңіруге тырысуда. Әлем жұртшылығының назары «Талибан» және «әл-Каида» секілді қозғалыстарға ауып, ислам діні терроризммен қатар атала бастады. Сондықтанда түркі тілдес республикаларда исламның жандануы мемлекет басшаларын аландатып, терроризмге қарсы күресте АҚШ пен ортақтаса әрекет етуге итермеледі. Нәтижеде, дәл Кеңес Өкіметі кезеңіндегідей исламдық кез келген әрекеттер қатаң бақылауға алынды. Алайда радикалды «ислами» қозғалыстардың миссионерлік әрекеттерден күшті болмағандығы белгілі. Мысалы, Қырғызыстанның солтүстігінде миссионерлердің іс-әрекеттері нәтижесінде 10 мың қырғыз хриситиандықты қабылдаса, хизбуттахрирге өткендердің саны 3 мың болған екен. Ал 2004-2006 жылдар аралығында христиандыққа өткен қырғыздардың санының 100 мыңға жеткендігі кейбір ақпарат көздерінде келтірілген[13].

Өз кезегінде Батыс елдері мұсылман елдерінің батыс империализміне қарсы жасалып жатқан азаттық шараларын ислам фундаментализмімен теңестіріп, әлем жұртшылығы алдында қорғанусыз қалдыруға тырысуда. Әйтпесе, әлемде өзге дін өкілдерінің жасағандары мүлдем қозғалмай, фундаментализм, экстремизм дегенде жұртшылық санасына бірден мұсылмандар келетін жағдайға жетті.

Міне, осындай қолдан жасалған ислам радикализмі үрейі көбінесе миссионерлерге тиімді келді. Миссионерлердің еркін әрекет етулерінің тағы бір негізгі себептерінің бірі – мемлекет басшыларының оларды радикалдык әрекеттерге қарсы тепе-теңдікті қамтамасыз етуші күш ретінде көруі. Өйткені Қырғызстанның мемлекет басшысының көмекшісі

Ч. Арабаев 1996 жылы діни ұйымдар туралы шығарылатын жаңа заңды талқылау барысында мұны ашық айтқан [14].

Шет елдік миссионерлер өз мақсаттарына қол жеткізу үшін жергілікті христиан ұйымдарымен ортақ жұмыс істей отырып, олардың тәжірибелері мен пікірлерін алады. Ендігі кезекте миссионерлердің қолданған тәсілдеріне тоқала кетейік.

1. Қоғамды тануға бағытталған арнайы шаралар

Миссионерлер мақсаттарына оңай жете білу үшін алдымен сол қоғамды тануға қатысты арнайы жұмыстар жүргізеді. Мәселен көптеген елдердің экономикалық дағдарысқа ұшырауына әсер еткен Джорж Сорос құрған қоры арқылы миссионерлерге үлкен қолдау көрсеткен. Ол қырғыз қоғамындағы әлеуметтік және діни жағдайдың дамуын үйреніп білу үшін елде арнайы сауалнама жүргізген [15].

2. Бірлесе отырып әрекет ету

Тарихта орын алғандай қазіргі таңда да миссионер топтар өзара бірлесе отырып, әрекет етуде. Шіркеулердің тұтастығы мен әлемдік деңгейдегі ықпалын күшейту мақсатында 1961 жылы Дели қаласында өткен жиында «Дүниежүзі шіркеулер ұйымы» құрылған. Осы ұымға 1963 жылы «Дүниежүзі миссионерлік конференциясы» қосылған. Протестант, католик және православие шіркеулері христиандандыру пәрменін күшейту мақсатында өзара бірлесе отырып «Европа шіркеулер конференциясы, Азия христиандар конференциясы, Тынық мұхит шіркеулер конференциясы, Африка шіркеулер конференциясы, Таяу Шығыс шіркеулер конференциясы» секілді ірі ұымдар құрған [16].

Бұл үрдісті Қырғызстаннан да байқауға болады. Миссионерлік мақсатпен келген христиан топтар Қырғызстанның әрбір аймағына таралып, әр қайсысы бөлек бір жамағат ретінде тіркеуден өту арқылы іс-әрекеттерін заңды түрде жүргізуде. Бұл топтардың діни түсініктері, қолданған әдістері, қызмет салалары әр түрлі болғанымен таңдаған объектілері бір. Ол – жергілікті қырғыздар мен Қырғызстан азаматтары. Бұл діни топтар әр қайсысы өз саласында, бір бірлеріне ешқандай кедергі келтірместен қызмет жасап, ұйымшыл түрде ортақ бір мақсатта әрекет етуде. Осы мақсатта алғаш рет баптистер қадам жасады. Олар Қырғызстандағы протестант топтардың бастарын біріктіріп, бірге әрекет ету үшін Бішкекте бір кеңес құруға шешім қабылдады. Осының негізінде 2001 жылдың 27 қазанында Қырғыз христиандары лидерлерінің басшылығымен кеңес өткізілді. Осы жиында Қырғызстандағы барлық протестанттық ұйымдар мен қозғалыстар бірігіп «Қырғызстандағы барлық христиан топтардың альянсы» деген атаумен конфедерация құрған. Осы конфедерацияға мүше протестанттық діни топтар мен қорлары, білім беру мекемелері Қырғызстандағы миссионерлік әрекеттерін ұйымдасқан түрде жүргізуде. Православ-католик-протестант шіркеулері арасында өзара көмекке негізделіп құрылған және іс-әрекеттерін көбіне Қазақстан мен Қырғызстанға бағыттаған «Сенім» қорының жұмыстары да бұған нақты дәлел бола алады [17].

3. Жергілікті халықты қолдану

Шет елден келген миссионерлер ең әуелі өздеріне жақын христиандықтың түрлі бағыттарын ұстанған жергілікті өзге ұлт өкілдерін тартқанымен қысқа мерзімде негізгі халық қырғыздарды өз топтарына қосып алуды мақсат еткен. Сол мақсатта орысша мен қырғыз тілін жақсы меңгерген арнайы дайындалған миссионерлерді жіберген. Олар өздері еркін жете алмайтын жерлерге қол жеткізу үшін сол жердің негізгі этносы саналған қырғыздарды саптарына тартып миссионер жасаған. Осылайша шет елдіктер кіре алмайтын көптеген жерлерге – университеттер, ауруханалар, түрмелер тіпті ауыл-ауылдарға олар еркін түрде кіріп миссиясын атқару мүмкіндігіне ие болады. Миссионер ұйымдардың осы мақсаттарына

қысқа уақыттың ішінде жетіп үлгергендігі де байқалады. Мысалы муниттер құрған «Әлемдегі бейбітшілік үшін» атты ұйымның жетекшілері А. Орозбаев, Б. Мамытов және К. Ажыбекова атты қырғыз азаматтары Бішкек Словян университетінде мұғалімдік қызмет атқарған. Ал, осы Клара Ажыбекова 2000 жылдың 20 ақпанында депутаттыққа кандидат болған. Қырғызстандағы миссионерлік әрекеттеріне қатысты диссертация қорғаған Б. Мурзараимовтың айтуынша олар қырғыз еліндегі атакты адамдарға ақша беріп халықты христиандандыру мақсатында арнайы кітаптар аудартқызып, мақалалар жазғызған[18].

2. Инкультурация. Әр түрлі мағыналар берілген инкультурацияның негізгі мағыналарының бірі «Інжіл мен христиандық құндылықтарын өзге мәдениеттерге сіңіру немесе өзге мәдениеттердің осы құндылықтарға бейімделуі» [19] дегенді білдіреді. Оның ассимиляциялану және өзге мәдениеттің ықпалына кіру секілді сатылары бар. Бұл ұғым Католик Папалығы тарапынан 1965 жылдан соң диалог бастамасынан кейін ресми түрде мойындалып, барлық әлемде миссионерліктің ең маңызды элементі ретінде қолданыла бастаған. Инкультурацияның маңызын Папа Иоан Павел II 1991 жылы жариялаған «Redemptoris Missio» атты нұсқауында «Шіркеу, инкультурация арқылы Інжілді әр түрлі мәдениеттердің ішінде жандандырады әрі адамдарды өз мәдениеттерімен шіркеу жамағатының арасына қосады. Шіркеу бұл адамдарға өз құндылықтарын ұсынады. Сонымен қатар оларда бар жақсы элементтерді алып, оларды өз ішінен қайта жаңғыртады» деп атап көрсетеді[20].

Қырғызстанда бұның көріністері айқын байқалады. Бұл тәсілді тек католик миссионерлері ғана емес өзге де миссионер топтар қолдануда. Сол үшін олар әуелі жаңадан егемендігін алып, дербес мемлекет құрып жатқан Орта Азия түркі республикаларының негізінен мұсылман емес екенін, ол жерлерде басқа да дін өкілдерінің болғандығын, сондықтан «Мұсылмандықтың қорғанымыз» деген ұрандардан бас тарту керектігін айтады. Көбінесе миссионерлер жергілікті халыққа ислам дінін жаулап алушы арабтардың діні ретінде көрсетіп, ислам келместен бұрын сол жерлерде несториан христиандарының болғандығын, сол жерлерде қол өнер немесе кез келген заттарда бейнеленген

христиандық белгілерді алға тарта отырып, исламның қылыштың күшімен жайылғандығын айтып, елді христиандыққа тартады. Немесе тәңіршілдік пен шаманизмді түркілердің діні ретінде көрсетуге тырысады. Евангелистер осы пікірлерін дәлелдеу мақсатында Америкадағы университеттерден мамандарды көптеп тартуда [21].

Миссионерлердің негізгі ұстанған тәсілдері – қоғамды дегенерациялау. Олар ұлттық, мәдени құндылықтарды және діни сенімдерді әлсірету, сосын европалық христиан мәдени құндылықтарын насихаттап, елді ұлттық ерекшеліктерден ажырату үшін әуелі қоғамда пікірталастар ұйымдастырады. Осылайша өз құндылықтарынан ажыраған адамдарды құрықтарына оңай түсіріп алады. Бұған христиан дініне өтіп кеткен жергілікті миссионерлер тарапынан басылып шыққан «Ала Тоодогу кырк из» атты кітаптан көптеген мысал көруге болады. Бұл кітап сыртқы безендірілуі мен мазмұнына қарғанда бейнебір қырғыз халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрпына арналып қырғыз халқының жанашыры тарапынан жазылған кітап секілді халыққа ұсынылған. «Қырық із» деп қойғандағы мақсаты – қырғыз халқының салт-санасы мен әдет ғұрпында Иса пайғамбардың қырық ізінің болғандығын дәлелдей отырып, оларды христиандыққа тарту. Осы кітаптың ішіндегі «Күннің нұры» атты бөлімінде қырғыз халқының арасында Иса Мәсіх туралы ақиттан алыс, қараңғылық көзқарастардың кең тарағандығын, оның Тәңірді ашуландыратынын, бұрындары қырғыз елін басқарған басшыларын, қырғыздардың ата-бабаларын залым ретінде бейнелеп, қырғыздарды қараңғылыққа көмгенін, сол қараңғылықтан құтылу үшін Исаны мойындап, иман келтірулері қажет екендіктерін айтып, түпкі мақсаттарын ұқтырған [22]. Мұндай мысалдар аз емес. Олардың осы анайы әрекеттерін ресми билік басындағылар тек қана ескертумен шектелген. Оларға қатысты нақты ешқандай көзге көрінер шаралардың қолданылмағандығы іс-әрекеттерін қымсынбастан еркін түрде, ешқандай кедергісіз жүргізетіндігін ашық көрсетуде [23].

3. Мұсылмандар мен исламға күйе жағу. Христиан миссионерлері кез келген оңтайлы сәтті пайдаланып әлемдегі бейбітшілік пен әділдікті қамтамасыз ету үшін үлкен еңбек сіңіріп жатқандықтарын

тілге тиек етіп бағуда. Алжир, Ауғаныстан, Тәжікістан және т.б. мұсылман елдерінде орын алып жатқан қайғылы жағдайларды, әсіресе хизбут-тахрирдің сол аймақтардағы ланкестіктерін алға тарта отырып, ислам мен мұсылмандарды қаралауда. Ал христиандықты бейбітсүйгіш дін ретінде көрсетуде. Мәселен, евангелистердің бірі «Құранда Аллаһ жол көрсетуші әрі азап беруші, ал Інжілдегі құдай жол көрсетуші әрі адамзатты жақсы көруші» деп мұсылмандардың ар намысына тиетін сөздер қолданған. Сонымен қатар миссионерлер Батыс мәдениетінің христиандықтың нәтижесі екенін, мұсылмандардың мәдениетке ешқандай үлес қоспағандықтарын және ислам дінінің нәтижесінде артта қалғандықтарын айтып, тарих пен мәдениеттен хабары аз адамдардың санасын улау арқылы христиандыққа өтуге үгіттеуде [24].

4. «Сүйіспеншілік». Әлемдік миссионерлік ұйымдар түрлі жолдарды сынап көру арқылы соңында Павелдің сан ғасырлар бойы айласын асырып қолданған «сүйіспеншілік» қағидасын ең негізгі қару етіп алуда. Олар мұсылмандарға әсер ете білудің ең тиімді жолы да осы деп тапқан. Орталығы Лондонда орналасқан «Халқыралық миссионерлік соборда» (International Missionary Council) қызмет жасаған Уилиам Патон: «Мұсылмандармен қатынас жасауда аса абай болу қажет. Христианның мұсылманға ұсынатын ең алғашқы нәрсесі діни сенім емес сүйіспеншілік болу қажет.» деп осы негізгі тәсілдерін атап көрсетеді [25].

Прозелитизм. Орталық Азия елдеріндегі қазіргі таңда дін саласында аландатарлық басты мәселелердің бірі – өте қарқынды түрде жүргізіліп жатқан шоқындыру саясаты. Әсіресе бұл салада Кеңес Одағы құлағаннан кейін істеріне білек сыбана кіріскен протестанттық бағыттағы миссионерлердің белсенділігі жіті назар аударуды қажет етеді. 1991 жылы егемендігін алған Қырғызстан Республикасы дамудың демократиялық бағытын таңдап, ел азаматтарына еркін ойлау, дін және ар-ождан бостандығын таныды. Халықтың 80 пайызы мұсылман қырғыз елі тәуелсіздіктің алғашқы жылдары саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік және рухани салада жаңа ізденістерге кірісті. Жетпіс жылдық Кеңес Одағының қыспағында тұрып атеистіктің дінсіздік саясатының зардабын тартқан өзге

елдер секілді мұсылман қырғыз халқы да еркіндікке қол жеткізген соң дінге бетбұрыс жасады. Тәуелсіздіктен бұрын елде ислам діні мен православиялық христиандық бағыты ғана ресми түрде бар болса, тәуелсіздікпен бірге келген еркіндіктің нәтижесінде жоспарлы түрде батыс елдерінен ағылып келген миссионерлердің ашық майданына айналып шыға келді.

Осылайша егемендік алғаннан кейінгі 20 жыл ішінде Қырғызстанда жаңа христиандар – қырғыз-прозелиттер, яғни протестанттық ағымға өтіп кеткен шоқынған мұсылман қырғыздар пайда болды. Қазіргі таңда Бішкек қаласында діни қызметтерін қырғыз, өзбек, дүнген тілінде өткізетін, тіпті жергілікті өкілдерден шыққан шіркеу басшылары бар діни топтар да баршылық.

Прозелитизм мәселесі алғашында қоғам тарапынан әр түрлі қабылданды. 90 жылдың соңына дейін қоғамда миссионерлік жайлы оң пікір қалыптасқан-ды. Өйткені ол қоғамның демократизациялануының мен діни сенім бостандығының заңды нәтижесі ретінде бағаланды әрі өтпелі кезеңдегі елдегі қиын жағдайда миссионерлер қоғамдағы тұрмысы наша адамдарға материалдық тұрғыдан көмектесті. Мемлекеттен үмітін үзген кейбір азаматтардың санасында да прозелитизм өмірін жақсы бағытқа қарай өзгерту деген түсінік қалыптасты. БАҚ-тарда бұл үрдісті қолдауға қатысты мәліметтер де жарияланды. Бертін келе прозелитизм өз ұлттық дәстүрлерін сату ретінде қарастырыла бастады. БАҚ-тарда бұл үрдістің жүргізіліп жатқан діни экспансия екендігіне қатысты мәліметтер көптеп жарияланды. 1994 жылы ҚМДБ басшысы Қымсанбай қажы мен ОПШ-ның басшысы Владимир Савицкий қоғамда жүріп жатқан протестанттыққа өту құбылысына алаңдап ҚР Өкіметіне дәстүрлі емес діндердің іс-әрекеттерін шектеуші өзгерістердің жасалуын ұсынды [26].

Мемлекет тарапынан қысым жасалғанына қарамастан протестанттық жамағаттың қатары азаюдың орнына, жергілікті ислам дінін ұстанатын (қазақ, қырғыз, өзбек т.б.) халықтардың арасында орын алып жатқан прозелитизм нәтижесінде күн өткен сайын арта түсуде. Кейбір мәліметтер бойынша Қырғызстанда протестанттардың 40 пайызын қырғыздар құрайтын көрінеді. Б. Мурзараимов қазіргі таңда христиан дініне өтіп кеткен қырғыздардың саны

шамамен 10-17 мың арасында деп болжауда [27]. Жоғарыда 2004-2006 жылдар аралығында христиандыққа өткен қырғыздардың санының 100 мыңға жеткендігі кейбір ақпарат көздерінде келтірілгенін айтып өткен едік. Бір протестант шіркеуінің дін қызметкері В. Кузин 2004 жылы жамағат санының 12 мыңға жеткенін, олардың 4,5 мыңының қырғыз екенін айтқан [28]. Сонымен қатар түрік зерттеушісі Х. Айдард да қырғыз елінде жүргізген кейбір сауалнаманың нәтижесінде бұл санның көп болуы ықтимал екендігін топшылаған [29]. Негізінен қырғыз елінде адамдар арасында діни ұстанымына қарай ресми түрде санақ жүргізілмегендіктен шоқынған қырғыздардың нақты санын кесіп айту тым қиын.

Қазақстан, Өзбекістан және Қырғызыстан Республикаларында ресми түрде тіркелген протестанттық бағыттағы христиан діни ұйымдардың саны православтардан әлдеқайда көп. Мысалы ҚР Мемлекеттік дін істер комиссиясының 2013 жылғы мәліметіне сүйенсек православтардың діни ұйымдары мен діни нысандарының саны небары 51 болса, бір ғана баптистердің санының өзі 49, жетінші күн адвентистері 31, елуіншілер (пятидесятники) 54, лютерандар 21, пресвитериандар 36, иегова куәгерлері 41 [30].

Қырғызыстанның дін саласындағы белгілі сарапшы-мамандардың бірі Қ. Маликовтың айтуынша, прозелит-қырғыздардың шығуы жергілікті халық арасында конфессияаралық қатынастарда жаңа түйіткіл туындатты. Қырғыз халқын тегіс шоқындыруды мақсат қойған протестант миссионерлер өздерінің құрығына елдің болашағы жастарды түсіріп жатуы қоғамда үлкен алаңдатушылық туғызуда. Болашақта Ливандық фактор қалыптасуы мүмкін. Бұл ұзақ уақыт бойы жүріп жатыр, алайда оған мән берілмей келеді [31].

Жаңа діни ұйымдардың белсенділігі дәстүрлі және дәстүрлі емес діни ұйымдардың қоғамда ықпалдарын арттыру мақсатында өзара күрестің артуына себеп болуда. Қаржылық мүмкіндіктерін пайдаланған миссионерлер бір жағынан бұқаралық ақпарат құралдарын, екінші жақтан қайырымдылық шараларын құрал ретінде пайдаланып жергілікті халықты өздеріне тартуда. Бір сөзбен айтқанда, халықтың санасы мен рухани өмірін жаулау жолында жанталас жүруде. Бұл өз кезегінде өзге дінге өткен

прозелиттер арасында ғасырлар бойы жергілікті халықтың өмір салты мен менталитеті негізінде қалыптасқан мемлекеттен жырақтауға әкелуде. Осының негізінде жергілікті халықтың діни түсінігіне құрметсіздік пайда болуда. Мамандардың білдіргеніндей-ақ соңғы кездері прозелитизм мәселесі ұлттық болмысы мен салт-дәстүрлерін сақтап қалғысы келген жергілікті тұрғындар мен жаңа діни ұйым өкілдері арасында діни негіздегі қақтығыстардың себебіне айналған. Мәселен, 1994-95 жылдарда Атбасы ауылында баптист қырғыздар мен мұсылман қырғыздар арасында бірнеше рет ұрыс-керіс орын алған. Сол секілді оқиғалар Нарын аулында да орын алып, шоқынған қырғыздар сокқыға жығылған. 1996 жылы Шу облысының Искра ауылында қайтыс болған баптист қырғызды жолдастары мұсылман зиратына көмгісі келген кезде, ауыл тұрғындары оларға рұқсат бермей, арада ұрыс-керіс орын алады. 2000 жылы Жалалабад қаласының Құрық көл ауылында шоқынған қырғыздарды ауыл халқы дарға асу керек деп шешім шығарып, қанды оқиғаға бастай жаздаған. Тәртіп сақшыларының араласуымен бұл оқиғаның алды алынған екен. Соңында ауыл халқы оларды көшіріп жіберген соң ғана тынышталған. Осы секілді оқиғалар елде өте жиі орын алуда. Әрине, христиан миссионерлері де қол қусырып қарап отырмай өз құқытарының қорғалуын талап, етіп елдегі құқық қорғау органдары мен халықаралық ұйымдарға шағымдануда [32]. Нәтижеде олардың талап-арыздары қанағаттандырылып, іс-шараларын жалғастыруларына мүмкіндік алуда.

Дінсаласында алаңдатушылық жағдайлардың күннен күнге артуы мемлекетті дін саласындағы саясатты күшейтуге итермеледі. Өкіметтің №324 қаулысымен 2006 жылы 6 мамырда «Қырғыз Республикасының дін саласындағы мемлекеттік концепциясы» қабылданды. 2006 жылдың 16 маусымында Бішкекте Орталық Азия елдерінің діни қызметкерлері мен сарапшылардың қатысуымен аймақтық конференция өтті. Сол конференцияда ҚР-ның мемлекеттік хатшысы дін саласындағы заңды қатаңдату қажеттігін ашып айтты [33]. Нәтижеде 2008 жылы жаңа «Қырғызыстан Республикасындағы діни сенім бостандығы мен діни ұйымдар туралы» Заңы бойынша діни ұйымдарға қатысты ұстанымдар күшейтілді. Қоғамдық орындарда, үйлерді, балабақша, мектептер мен университеттерді аралап

діни мазмұндағы кітаптар, видео-аудио материалдар таратуға тыйым салынды. Тек жергілікті мемлекеттік әкімшіліктер бекіткен жерлерде ғана рұқсат берілді. Осы жаңа Заңға сәйкес діни ұйымдар міндетті тіркеуден өтуі (10-бап); діни ілімдерінің негіздері мен соған сай жасалатын істері жайлы мәлімет беруі (10-баптың 2-тармағы); ҚР-на діни мақсатпен келген шет елдік азаматтар (миссионерлер) міндетті түрде тіркеуге тұруы тиіс (12-бап); діни оқу орындары да есептік тіркеуге алынады (13-бап); діни ұйымдарға қаржылық бақылау жасалады (26-бап); діни экспертиза құрылады (10-баптың 3-тармағы). Бұрын діни ұйым ретінде тіркеуден өту үшін 10 кісі жеткілікті саналса, жаңа Заңда олардың саны 200-ге шығарылған [34].

Қырғызстандағы миссионерлер тек қана дінді жаюмен шектелмей қоғамның барлық салаларына тереңдеп кіруге тырысуда. Олардың өкіметке де белгілі бір деңгейде әсер ете алатын жағдайға келгендігін де атап өту қажет. Жоғарыда айтып өткеніміздей олар түрлі сенімге ие болғандарына қарамастан, қырғыз елінде ықпалдылықтарын арттыра білу үшін бір мақсатта бірлесіп, 2001 жылы Бішкекте бір кеңес өткізіп, конфедерация құрған. Осы топтар діни емес өзге де Ашық қоғам миссионерлік топтардың ықпалымен саяси талаптар алға тарта алатын ұымдарға айналып үлгерген. Сарапшы-маман К. Маликов миссионерлердің ел ішінде қаншалықты деңгейге көтерілгенін «Регнум» Ақпараттық агенттігіне берген сұхбатында: «... Иә, Қырғызстанда саяси исламның бар екені рас. Алайда саяси мақсатты христиан топтар да бар әрі олар Қырғызстанның ішкі саясатына ықпал етуге ынталы. Олардың құрған ұйымдары да бар және олар кедей емес әрі мықты байланыстары да жетерлік.» деп көрсеткен [35]. Қырғызстанда тез өсіп келе жатқан протестанттық бағыттағы Жетінші күн адвентистерінің парламентке сайлау барысында өз қызметтеріне қуғын салмауға уәде берген үміткерлерді қолдағандықтары да олардың саясатқа араласа бастағанын көрсетеді [36].

Қазіргі таңдағы христиандандыруға назар аударған кезде жеке тұлға ретінде өз діни сенімін ұстанатын адам емес, жүйелі түрде ұйымдасқан діни ұйымдар алдымызға шығады. Миссионерліктің тарихы көптеген елдердікінен тым әріде жатыр. Экономикалық мүмкіншіліктері мен халықаралық қатынастардағы ықпалы

көптеген ұсақ елдерден озық тұрады. Олар тек дінді жаюмен емес, сонымен қатар саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік салаларда да стратегиялық һәм жүйелі түрде жұмыс жүргізуде. Бір жақтан мемлекет миссионерлік шаралардың алдын-алуға тырысқанымен экономикалық жағдай мен мүмкіндіктер тең емес. Миссионерлердің арқасында үлкен халықаралық күштер мен мемлекеттер бар екені белгілі.

Миссионерлікке қатысты түрік зерттеушісі М. Ердемнің мына пікірі де құлақ асуға тұрарлық: «Христиан әлемі өз араларында түрлі проблемалар мен теологиялық қайшылықтарының барлығына қарамастан, о бастан бері Інжілдің өсиеттерін адамдарға жеткізуге, оларды діни, экономикалық әрі саяси платформада өз мақсаттарына сай ықпал ете білу үшін ұзақ тарихи кезеңде түрлі жолдарды сынап көрген. Осы жолдар кей кезеңдерде соғыстан миссионерлікке, миссионерліктен диалогқа қарай бағыт алса, оның алдымыздағы жылдары алғашқы кезеңіне қайта оралмасына ешкім кепілдік бере алмайды. Бұған көз жеткізу үшін ұзақ жылдар күтудің де қажеті жоқ. Өйткені христиан әлемінің қолындағы экономикалық және технологиялық басымдықтарын әуелі мұсылмандарға қарсы, одан кейін өздерінен емес қоғамдарға қарсы қалай қолданып отырғаны көз алдымызда. Христиандардың ортаға тастаған жаңа пікірлерінің астарында сұм жоспарлардың бар екендігі немесе мүмкін екендігі тарихи тәжірибе арқылы адамзаттың көзі жеткен ақиқат болса керек. Сондықтан ислам әлемінің және Кеңестер Одағынан егемендігін алып шыққан Түркі республикаларының өз аймақтарындағы христиандық іс-әрекеттерге ерекше мән берулері діни, ұлттық және мәдениетінің болашағы үшін аса маңызды болып табылады [37].

Профессор С. Хизметли де осы ойды қуаттайды. Ол миссионерліктің барлық адамзатты қамтитын екі сатылы жобаның жемісі екенін айтады. Біріншісі – діни. Өзін христиан дінін таратуға арнаған миссионерлер бұл іс үшін жандарын беруге дайын. Екіншісі – саяси. Миссионерлік отралау саясатының бір бөлігі және оның түпкі мақсаты «христиандық орталық және саяси басқару тәртібін орнату». Осы бағытта миссионерлікті қолдап отырған мемлекеттер христиандықты өздеріне құрал ретінде қолдануда. Әйтпесе, өз елдерінде діни

ахуалға әсер ете алмаған бұл ұйымдардың мақсатын басқаша түсіндіру мүмкін емес [38].

Өкінішке орай, осы топтардың түпкі мақсаттары мен жоспарларын жақсы білмегендіктен мемлекет оларға қатысты ұстанымның қандай бағытта болу қажеттігі әлі айқындалмаған секілді. Демократиялық күштерді арқасына алған миссионерлер кез келген жол мен тәсілдерді пайдалана отырып, өз жұмыстарын қарқынды түрде жүргізуде. Қазіргі таңда түрлі бағыттағы діни экспансияның жүріп жатқаны айқы.

Миссионерлік нәтижесінде туындаған

прозелитизмнің ел бірлігіне қаншалықты қауіпті екеніне Африка және Оңтүстік Кореяның христиандануы жақсы үлгі бола алады. Мәселен, 1900 жылдардың басында Африка халқының 7% христиандықты қабылдаса, 100 жылдың ішінде бұл көрсеткіш 55 % жеткен. Папуа-Жаңа Гвинея секілді елдерде бұл көрсеткіш 11-ден 95 % жеткен [39]. Ал Оңтүстік Кореяда ХХ ғасырдың екінші жартысында протестанттардың евангелизациялау саясатының нәтижесінде сан ғасырлар бойы буддизм мен дәстүрлі культтерді ұстанып келген кәріс халқының 30 пайызы христиандыққа өтіп кеткен [40].

Әдебиеттер

1. Мурзараимов Б. Кыргызстанда миссионерлік фааилетлери//Академик бакыш, Улусларарасы хакемли социал билимлер Е-дергиси, – 2006. – №10, Ейлул, 1-б. <http://www.akademikbakis.org/pdfs/10/misyonerlik.pdf>
2. Мамаюсупов О. «Справочник», Дін комиссиясы журналы, – Бішкек, 1996, –14. 11., 1-б.
3. http://www.inosmi.ru/middle_asia
4. Пай С. Миссионер кыскажындаки үлке: Кыргызстан// Улудаг Ун-ти Илахиат Фак-ти дергиси, – 2008, 17-т., – №2, 258-259-б.
5. Мурзараимов Б., Кыргызстанда миссионерлік фааилетлери, 3-б.
6. Сейфеттин Ерол М. «ССЖБ сонрасы Орта Асия ве Кафкасларда миссионерлік фааилетлери»// Аврасия Ислам шурасы 5-топлантысы (Газимагуса, Кипр, 15-19 Нисан 2002), 2-3-б.
7. Пай С., 258-261-б.
8. Кутлу С., Совет сонрасы дөнемде Түркистанда миссиоложи ве инкултурасион (Кыргызстан өрнеги)// Динлер тарихы араштырмалары-III, (Семпозиум, 09-10 Хазиран 2001, Анкара), 2000 ылында христианлык (дүнү, бүгүнү ве гележеги), – Анкара, 2002. – 440-б.
9. Рыза Байзан А. Миссионер оргутлерин Туркистан операсиону – Орта Асия турк жумхуриетлердеки христианлык пропогандасы ве миссионер өргутлерин фааилетлери <http://www.medineweb.net/>
10. Сейфеттин Ерол М., 2-б.
11. Мурзараимоглы Б., Баптизм ве Кыргызстанда баптист фааилетлер, докторлык диссертация, Анкара ун-си СБЕ, – Анкара, 2003. –54-55-б.
12. Ердем М. Миссионерлік ве Кыргызстанда миссионерлік фааилетлер// Діни араштырмалар журналы, – Анкара, 1999. – қаңтар-сәуір, 1-т., 20-21-б.
13. Pelkmans, Mathijs, «Culture' as a Tool and an Obstacle: Missionery Encountres in Post-Soviet Kyrgyzstan», Journal of the Royal Anthropological Institute, 13-т., №14, Желтоқсан 2007, 883-беттен С. Пай, 267-б.
14. «Баардык дин Кудай дейт», Аалам – 1996. –20-26 қараша
15. Ердем М., 38-39-б.
16. Хизметли С., Орта Азия Түрік республикаларындағы зиянды ағымдар және миссионерлік, – Алматы, 2006.– 161-162-б.
17. Мурзараимов Б., Кыргызстанда миссионерлік фааилетлери, 2-б.
18. Мурзараимов Б., Докторлық диссертация, 61-б.
19. Осы ұғымның мағынасына қатысты кең мәлімет үшін қараңыз: CROLLIUS, “*İnkültürasyon*”, çev. Ali İsrâ Güngör, Dini Araştırmalar, cilt:1, sayı:1, Mayıs 1998, s.93-105.-тен Кутлу С.; Федин А.В.Католический миссионер как агент культурного взаимодействия (на примере деятельности Общества Иисуса в американских провинциях),// *Межкультурное взаимодействие и его интерпретации. Материалы научной конференции 22-23 апреля 2004 г. - М.: ИВИ РАН, 2004., 74-77-б.* <http://kk.convdocs.org/docs/index-33192.html>
20. Ердем М., 26-б.
21. Кутлу С., 445-б.
22. Полат К., Миссионерлерин Кыргызстанда дагытыгы базы китапларын шекил ве мухтева ачысындан дегерлендирилмеси// А.У. Туркият араштырмалары енститусу дергиси, – Эрзурум, 2007. – №33, 299-304-б.
23. Мурзараимов Б., Кыргызстанда миссионерлік фааилетлери, 4-5-б.
24. Кутлу С., 446-б.
25. Ердем М., 14-б.
26. Кимсанбай ажы, отец Владимир Савицкий. К Правительству Кыргызской Республики. Секты – угроза миру//

Обращение руководства мусульманского духовенства и благочинного Русской Православной Церкви Кыргызстана// Слово Кыргызстана-1994, 1-казан, 4-б.

27. Мурзараимов Б., Кыргызстанда миссионерлік фаалиетлери, 5-б.
28. Пай С. Кыргызстан: Динлерин мусабака аланы// Улудаг Ун-ті Илахиат факультеті журналы, – 2008. – 17-т., № 2, 246-б.
29. Айдар Х., ?????
30. www.Religion.gov.kg
31. Маликов К. Роль религиозного фактора в Кыргызстане. Основные выводы и тенденции, Тазар интернет басылымына арналган арнайы сұхбат (06.07.2007 ж.) <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1184131620>
32. Мурзахалилов К., Проблемы прозелитизма в Кыргызстане, Центральная Азия и Кавказ, № 1 (31) (2004), http://www.ca-c.org/journal/2004/journal_rus/cac-01/11_murgus.shtml
33. Курбанова Н., Ислам в общественно-политической жизни Кыргызстана, – Бишкек, 2009. – 39-б.
34. Галкина Н.М., Школьный В.А., Религиозная ситуация в Кыргызской Республике в настоящее время, <http://www.ia-centr.ru/expert/12682/>
35. «Кыргызстанда хер гечен гүн артан миссионер фаалиетлер» <http://www.usgam.com/tr/index.php?l=807&cid=433&bolge=13&konu=24>
36. Кыргызстан: Религия начинает играть важную роль в кампании по выборам в парламент <http://russian.eurasianet.org/departments/civilsociety/articles/eav022505ru.shtml>
37. Ердем М., 28-б.
38. Хихметли С., 162-б.
39. Өзкөсө К., Африкадагы миссионерлік иш-арекеттер кечээ жана бугун, Акбашат журналы, 25-сан <http://www.akbashat.kg/25-7.php>
40. Центральная Азия через 100 лет: после «Большой трансформации» http://russiancouncil.ru/inner/?id_4=2226#top

References

1. Murzaraimov B. Kirgizistanda misyonerlik faaliyetleri//Akademik bakish, Uluslararası hakemli sosyal bilimler E-dergisi, – 2006. – №10, Eylül, 1-6. <http://www.akademikbakis.org/pdfs/10/misyonerlik.pdf>
2. Mamayusupov O. «Spravochnik», Din komissiyasi jurnali, – Bishkek, 1996, –14. 11., 1-b.
3. http://www.inosmi.ru/middle_asia
4. Pay S. Misyoner kiskacindaki ulke: Kirgizistan//Uludag Un-si Ilahiyat f-si dergisi, – 2008, 17-т., – №2, 258-259-b.
5. Murzaraimov B. Kirgizistanda misyonerlik faaliyetleri, 3-b.
6. Seyfettin Erol M. SSJB sonrası Orta Asya ve Kafkaslarda misyonerlik faaliyetleri// Avrasya İslam shurasi 5-toplantisi (Gazi-magusa, Kipr, 15-19 Nisan 2002), 2-3-b.
7. Pay S., 258-261-b.
8. Kutlu S. Soviyet sonrası dönemde Turkistanda misiyoloji ve inkulturasyon (Kirgizistan ornegi)// Dinler tarihi arastirmalari-III, (Sempozyum, 09-10 Haziran 2001, Ankara), 2000 yilinda hristiyanlik (dunu, bugunu ve gelejegi), – Ankara, 2002. – 440-b.
9. Riza Bayzan A. Misyoner orgutlerin Turkistan opersyonu – Orta Asya turk jumhuriyetlerdeki hristiyanlik propogandasi ve misyoner orgutlerin faaliyetleri <http://www.medineweb.net/>
10. Seyfettin Erol M., 2-b.
11. Murzaraimoglu B. Baptizm ve Kirgizistanda basptist faaliyetler, doktorluk dissertasiya, Ankara u-si SBF, – Ankara, 2003. –54-55-b.
12. Erdem M. Misyonerlik ve Kirgizistanda misyonerlik faaliyetler// Dini arastirmalar jurnali, – Ankara, 1999. – kantar-suir, 1-t., 20-21-b.
13. Pelkmans, Mathijs, «Culture’ as a Tool and an Obstacle: Missionary Encountres in Post-Soviet Kyrgyzstan», Journal of the Royal Anthropological Institute, 13-т., №14, Желтоқсан 2007, 883-betten Pay S. 267-b.
14. «Baardik din kудay deyt», Aalam – 1996. –20-26-karasha
15. Erdem M. 38-39-b.
16. Hizmetli S. Orta Aziya Turik respublikalarindagi ziyandi agimdar jane misyonerlik, – Almaty, 2006.– 161-162-b.
17. Murzaraimov B. Kirgizistanda misyonerlik faaliyetleri, 2-b.
18. Murzaraimov B. Doktorlik dissertsiya, 61-б.
19. Osi ugumnin maginasina katisti ken malimet ushin karaniz: CROLLIUS, “İnkültürasyon”, chev. Ali İsra Güngör, Dini Arastirmalar, cilt: 1, sayı:1, Mayıs 1998, s.93-105.-тен Kutlu S; Fedin A.V. Katolicheskiy missiyoner kak agent kulturnogo vzaimodeystviya (na primere deyatelnostuy Obshestva Iysusa v Amerikanskih provinsiyah),// Mejkulturnoye vzaimodeystviye i ego interpretasii. Materyali nauchnoi konferentsii 22-23 aprelya 2004 g. - M.: IVI RAN, 2004., 74-77-b. <http://kk.convdocs.org/docs/index-33192.html>
20. Erdem M. 26-b.
21. Kutlu S. 445-b.
22. Polat K., MIsiyonerlerin Kirgizistanda dagittigi bazi kitapların shekel ve muhteva achisindan degerlendirilmesi // A.U. Nuriyat arastirmalari enstitusu dergisi, – Erzurum, 2007. – №33, 299-304-b.
23. Murzaraimov B. Kirgizistanda misyonerlik faaliyetleri, 4-5-b.

24. Kutlu S. 446-b.
25. Erdem M. 14-b.
26. Kimsanbay aji, otets Vladimir Savitskiy. K Pravitelstvu Kirgizskoy Respuliki. Sekti – ugroza miru // Obrasheniye rukavodstva musulmanskogo duhovenstva i blagochinnogo Russkoy Pravoslavnoy Tsrekvi Kirgizistana // Slovo Kirgizistana -1994, 1-qazan, 4-b.
27. Murzaraimov B. Kirgizistanda misiyonerlik faaliyetleri, 5-6.
28. Pay S. Kirgizistan: Dinlerin musabaka alani // Uludag U-si Ilahiyat fak-si jurnali, – 2008. – 17-t., № 2, 246-b.
29. Aydar H., ?????
30. www. Religion.gov.kg
31. Malikov K. Rol religioxnogo faktora v Kirgizistane. Osnovniye vivodiy I tendentsii, Tazap internet basilimina arnalgan suhbat (06.07.2007) <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1184131620>
32. Vurzahalilov K. Problemiy prozelitizma v Kirgizistane, Tsentralnaya Aziya i Kafkaz, № 1 (31) (2004), http://www.ca-c.org/journal/2004/journal_rus/cac-01/11.murrus.shtml
33. Kurbanova N. Islam v obshestvenno-politicheskoy jizni Kirgizistana, – Bishkek, 2009. – 39-b.
34. Galkina N.M., Shkolniy V.A. Religioznaya situatsiya v Kirgizskoy Respublike v nastoyashee vremya, <http://www.ia-centr.ru/expert/12682/>
35. «Kirgizistanda her gechen gun artan misiyoner faaliyetler» <http://www.usgam.com/tr/index.php?l=807&cid=433&bolge=13&konu=24>
36. Kirgizistan: Religiya nachinayet igrat vajnyu rol v kompanii po viboram v parlament <http://russian.eurasianet.org/departments/civilsociety/articles/eav022505ru.shtml>
37. Erdem M., 28-b.
38. Hizmetli S. 162-b.
39. Ozkose K. Afrikadaki misiyonerlik ish-areketter kechee jana bugun, Akbashat jurnali, 25-san <http://www.akbashat.kg/25-7.php>
40. Tsentralnaya Aziya cherez 100 let: posle «Bolshoy transformatsii» http://russiancouncil.ru/inner/?id_4=2226#top